

Академиялық адалдық лигасы,
Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет),
Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
арасында
**БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМОРАНДУМ**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Академиялық адалдық лигасы, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

білім беру процесінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында, білім беру процесінің қатысушыларында (тәрбиенушілер, білім алушылар, педагогтер, студенттер мен оқытушылар) адалдық және парасаттылық құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайлар жасау қажеттілігіне назар аудара отырып,

білім берудің барлық деңгейінде бақылаудың, айқындық пен жауапкершіліктің тиімді тетіктерін енгізу арқылы қол жеткізілетін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту осы процестің маңызды бөлігі екенін сезіне отырып,

мынадай мәселелер бойынша өзара түсіністікке қол жеткізді.

1. Жалпы мақсаттар мен міндеттер

Тараптар Білім саласындағы академиялық адалдықты қамтамасыз ету жөніндегі меморандум (*бұдан әрі - Меморандум*) шеңберінде Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында академиялық адалдықтың сақталуын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру және ғылым саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды күшейтуді, сондай-ақ академиялық адалдықтың сақталуына зерделеу және бағалау жүйесін әзірлеу мен енгізуді қолдайды.

2. Ынтымақтастық салалары

2.1. Академиялық адалдық лигасының инеті

а) білім беру ұйымдарын зерделеу және бағалау:

- Академиялық адалдық лигасына (*бұдан әрі - Лига*) енген білім беру ұйымдарына бару арқылы тәуелсіз зерделеу жүргізу;
- білім беру ұйымдарына академиялық адалдық саясатын жақсарту бойынша ұсынымдар мен кеңес беру сұрауларын өңдеу.

б) білім беру ұйымдарына кеңес беру және қолдау:

- Лигаға кіру және академиялық адалдық стандарттарын енгізу бойынша білім беру ұйымдарына әдіснамалық қолдау көрсету және кеңес беру;
- академиялық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бойынша білім беру ұйымдарының ішкі саясатын әзірлеуге көмек беру;
- Лига қызметінің бағыты бойынша білім беру ұйымдарымен бірлескен жобаларды ұйымдастыру.

в) процестерді автоматтандыру:

- Лиганың жаңа мүшелерінің сұрауларын өңдеуді, сонымен бірге тіркеу рәсімдерін, кеңес беру мен есептілікті автоматтандырудың онлайн-жүйесін әзірлеу (*чат-боттар және т.б.*);
- академиялық адалдық қағидаттарын сақтауда білім беру ұйымдарының дамуын қадағалау үшін онлайн-зерделеу жүйесін енгізу.

г) білім беру ұйымдарын тарту:

Лигаға жаңа мүшелерді тарту стратегиясын әзірлеу, оның пайдасы мен Лига тарапынан көрсетілетін қолдау жөніндегі ақпаратты жеткізу;

д) Меморандумды іске асыру:

Меморандумды іске асырудың қадамдық іс-шараларын көрсете отырып, 2025-2026 жылдарға арналған Жол картасын әзірлеу (*Меморандумға қол қойылған күннен бастап екі ай ішінде*).

2.2. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) ниеті

- оқуға түсу, емтихан (*сессия*) қабылдау және басқа да шешуші процестердің тәртібін (*алгоритмін*) талдауды қоса алғанда, білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу мәселелері бойынша әдіснамалық көмек көрсету;

- студенттер мен оқытушылар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері жайлы түсіндірме іс-шараларын өткізу;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат саласындағы құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған материалдарды жасап, таратуда көмек көрсету;

- заманауи технологиялар мен білім беру ұйымдарының деректерін пайдалануды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алуды автоматтандыруға арналған цифрлық шешімдер мен құралдарды енгізу бойынша Лигамен бірлескен жұмыс жүргізу.

2.3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ниеті

- академиялық адалдықты енгізу бойынша Лигамен және мүдделі мемлекеттік органдармен ынтымақтастық жасау;

- академиялық адалдық принциптерін білім беру бағдарламаларына және әкімшілік процесстерге енгізуде жоғары оқу орындарына қолдау көрсету;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту, жоғары оқу орындарының комплаенс-қызметтерін кеңейту, және комплаенс-офицерлерді даярлау.

2.4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ниеті

- академиялық адалдықты білім беру мазмұны арқылы енгізу: білім берудің барлық деңгейінде, сондай-ақ педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларында академиялық адалдық мәселелері бойынша білімнің мазмұнын күшейту;

- академиялық адалдықты педагогикалық әдеп арқылы дамыту: педагогтердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтауы олардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді және академиялық адалдықты сақтау мәдениетін қалыптастырады;

- білім берудің барлық деңгейінде академиялық адалдықты енгізу бойынша Лигамен және мүдделі мемлекеттік органдармен ынтымақтасу.

3. Жоспарланған нәтижелер

3.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін

академиялық адалдық мәдениетін ерте жастан қалыптастыру: мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік құндылықтар қалыптасады, өздерінің және басқа да құрдастарының әрекеттерін бағалауға, өз ісіне адал болуға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін игеруге дағдыланады.

3.2. Орта, техникалық және кәсіптік білім беру үшін

- білім алушылар, студенттер, педагогтер арасында академиялық бұзушылықтардың алдын алу: білімнің мазмұнына академиялық адалдық қағидаттарын енгізу мектептер мен колледждерде академиялық бұзушылықтар санының азаюына мүмкіндік береді, академиялық адалдық қағидаттарын ұстанушылар санының ұлғаюына ықпал етеді;

- білім беру ұйымдарында зерделеудің тиімді жүйесін құру: академиялық адалдық қағидаттарының сақталуына зерделеу жүргізу және бағалау жүйесін енгізу бұзушылықтарды уақтылы анықтауға және жоюға мүмкіндік беріп, білім беру процесінің ашықтығын арттырады.

3.3. Жоғары білім беру үшін:

- жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейін төмендету: студенттер мен оқытушылардың хабардарлығын арттыру, сондай-ақ бақылаудың қатаң тетіктерін енгізу жоғары оқу орындарында

сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жағдайларының едәуір төмендеуіне алып келеді;

- академиялық адалдық қағидаттарын сақтайтын жоғары оқу орындарының санын ұлғайту: Лигаға жаңа жоғары оқу орындарын тарту бағдарламасы және оларды қағидаттарды іске асыруда қолдау академиялық әдептің жоғары стандарттарына сәйкес келетін оқу орындарының санын ұлғайтуға әкеледі;

- халықаралық аренада білім сапасын және қазақстандық жоғары оқу орындарына сенімділікті арттыру: академиялық адалдықты сақтау білім беру сапасын жақсартады, бұл өз кезегінде, қазақстандық жоғары оқу орындардың халықаралық деңгейдегі беделін арттырып, оларды шетелдік студенттер әріптестер үшін анағұрлым тартымды етеді;

- зерделеу мен есептіліктің жүйесін құру: зерделеу мен есептілік үшін цифрлық платформаларды енгізу академиялық адалдықты басқарудың неғұрлым айқын жүйесін жасайды. Бұл студенттер, ата-аналар және жалпы қоғам тарапынан бақылау процестерін жеңілдетіп, білім беру ұйымдарына деген сенімді арттырады;

- академиялық адалдық жүйесін орнықты дамыту: білім беру ұйымдар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекеттесуді қамтитын кешенді тәсіл барлық деңгейде білім беруді үздіксіз жақсартуға негіз қалыптастыра отырып, Қазақстан Республикасында академиялық адалдық жүйесін ұзақ мерзімді дамытуды қамтамасыз етеді.

4. Меморандумның қолданылу саласы

Осы Меморандум құқықтық және қаржылық міндеттемелерге әкелмейді және формальді санкцияларды белгілемейді, білім беру процесіне қатысушылардың барлығы сақтауға тиіс жалпы қағидаттар мен әдеп нормаларын қалыптастыруға негіз бола алады.

5. Түзетулер енгізу рәсімдері

Осы Меморандумға өзгерістер Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер жеке хаттамалар түрінде ресімделеді және осы Меморандумның 6-бөліміне сәйкес күшіне енетін болады.

6. Қорытынды ережелер

Осы Меморандум оған қол қойылған күнінен бастап қолданылады.

Тараптардың әрқайсысы Меморандумның қолданылуын тоқтатудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын басқа Тарапты осындай ниеті туралы жазбаша хабардар етумен, осы Меморандумның қолданылуын тоқтата алады.

Астана қаласында 2024 жылғы 9 желтоқсанда түпнұсқасы мемлекеттік

және орыс тілдерінде төрт данадан қол қойылған және барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіруде алшақтық болған жағдайда, мемлекеттік тілдегі мәтінге басымдық беріледі.

Академиялық адалдық лигасы



**Қазақстан Республикасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы қызмет)**



**Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі**



**Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрлігі**

